

**"Қазақстан Республикасының Парламенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы"
республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 11 ақпандағы N 95

Ақмола қаласындағы Қазақстан Республикасы Парламентінің басшылары мен депутаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті аппараттарының қызметкерлеріне автокөлік қызметін көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығында "Қазақстан Республикасының Парламенті Іс Басқармасының Автошаруашылығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын уәкілетті орган болып айқындалсын.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеті:

Қазақстан Республикасы Парламентінің басшылары мен депутаттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламенті аппараттарының қызметкерлеріне автокөлік қызметін көрсетуге байланысты қызметті жүзеге асыру болып табылады деп белгіленсін.

4. Уәкілетті орган бір ай мерзімде Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және Кәсіпорынды әділет органдарында тіркесін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен соң белгіленген тәртіппен Кәсіпорынды Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне енгізу туралы қаулының жобасын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі